

Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттен субсидиялау туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 маусымдағы № 114 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 28 маусымда № 3082 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 6 маусымдағы № 98 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 06.06.2013 № 98 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1-қосымшаға сәйкес 2012 жылға арналған Батыс Қазақстан облысының басым дақылдарының тізбесі белгіленсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес 2012 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары белгіленсін.

3. 2012 жылға арналған тыңайтқыштар мен гербицидтердің субсидияланатын түрлері, сондай-ақ субсидиялардың нормалары төмендегідей белгіленсін:

1) 3-қосымшаға сәйкес тыңайтқыш өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған;

2) 4-қосымшаға сәйкес тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған;

3) 5-қосымшаға сәйкес гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограммына (литріне) арналған.

4. 6-қосымшаға сәйкес 2012 жылға арналған Батыс Қазақстан облысының жеміс-жидек дақылдары көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормалары

б е л г і л е н с і н .

5. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға ағымдағы қаржы жылында Батыс Қазақстан облысының бюджетінен субсидиялардың төленуін жүзеге асыру жөнінде қажетті шараларды а л с ы н .

6. "2011 жылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттен субсидиялау туралы" облыс әкімдігінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 99 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3064 тіркелген, 2011 жылғы 2 шілдедегі № 74 " Орал өңірі" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Ғ. С а л ы қ о в қ а жү к т е л с і н .

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Н. Ноғаев*

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
----- А. Мамытбеков

07.06.2012 ж.

2012 жылғы 5 маусымдағы № 114
облыс әкімдігінің қаулысына
1-қосымша

2012 жылға арналған Батыс Қазақстан облысының басым дақылдарының тізбесі

№	Ауыл шаруашылығы басым дақылдарының атауы
1	Жаздық бидай
2	Күздік бидай
3	Күздік қара бидай
4	Тары
5	Арпа
6	Сұлы
7	Дәнді бұршақты дақылдар
8	Майлы дақылдар
9	Картоп
10	Көкөніс және бақша өнімдері
11	Жабық топырақтағы көкөніс

12	Жемшөптік дақылдар (өткен жылғы егілген көпжылдық шөптерді қоспағанда)
13	Бұршақтұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарында
14	Сүрлемдік күнбағыс және жүгері

2012 жылғы 5 маусымдағы № 114
 облыс әкімдігінің қаулысына
 2-қосымша

**2012 жылға арналған Батыс Қазақстан
 облысы бойынша көктемгі егіс және
 егін жинау жұмыстарын жүргізуге
 қажетті жанар-жағар май материалдары
 мен басқа да тауарлық-материалдық
 құндылықтардың құнын арзандатуға
 арналған субсидиялар нормалары**

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	1 гектарға арналған бюджеттік субсидиялар нормасы, теңге
1	Дәнді және бұршақты дақылдар (күріш пен дәндік жүгеріден басқа) (базалық субсидиялар нормасы)	400
2	Дәнді және бұршақты дақылдар аймақтық ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтай отырып өсірілген	800
3	Майлы дақылдар	3 560
4	Картоп	12 000
5	Көкөніс және бақша өнімдері (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда)	15 000
6	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөніс-бақша дақылдары	24 000
7	Жемшөптік дақылдар (өткен жылғы егілген шөптерді қоспағанда)	800
8	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсіру жылдарында	800
9	Сүрлемдік күнбағыс және жүгері	800
10	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс (дақылдардың 1 айналымы)	1 300 000

2012 жылғы 5 маусымдағы № 114
 облыс әкімдігінің қаулысына
 3-қосымша

**2012 жылға арналған тыңайтқыштардың
 субсидияланатын түрлері,**

**сондай-ақ тыңайтқыш өндірушілер
сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына
(литріне, килограммына) арналған
субсидиялардың нормалары**

№	Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлігінің кұнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлігіне арналған субсидиялар нормасы, теңге
1	Аммофос (№-10%, P ₂ O ₅ -46%)	тонна	50	45 000
2	Аммиак селитрасы (№-34,4%)	тонна	50	28 900
3	Жай суперфосфат (P ₂ O ₅ -19%)	тонна	50	24 500
4	Сульфоаммофос (P ₂ O ₅ -18%, №- 18%, S-17%)	тонна	50	34 250
5	Тазартылған күкірт қышқылды калий (калий сульфаты K ₂ O-53%)	тонна	50	72 500
6	Фосфоритті ұн (P ₂ O ₅ -17% кем емес)	тонна	50	6 770
7	"Б" маркалы "МЭРС" микротыңайтқышы	литр	50	11 000
8	"Биобарс-М" биотыңайтқышы микроэлементтермен күрделі-аралас	литр	50	5 000

Аббревиатураның толық жазылуы:
 № - азот ;
 P - фосфор ;
 S - күкірт ;
 K - калий ;

O - оттегі.

2012 жылғы 5 маусымдағы № 114
 облыс әкімдігінің қаулысына
 4-қосымша

**2012 жылға арналған тыңайтқыштардың
субсидияланатын түрлері, сондай-ақ
тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе)
шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып
алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына
(литріне, килограммына) арналған
субсидиялардың нормалары**

№	Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлігінің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлігіне арналған субсидиялар нормасы, теңге
1	Супрефос (№-12%: P ₂ O ₅ -24%) (Са: Mg:S)	тонна	50	32 500
2	Карбамид (№-46,3%)	тонна	50	40 000
3	Нитроаммофоска (№-15%: P ₂ O ₅ -15%: K ₂ O -15%)	тонна	50	46 500
4	АФУ азоттық-фосфорлық №-28%: P ₂ O ₅ -1%)	тонна	50	27 500
5	КАС (сұйық тыңайтқыш №-27-33%)	тонна	50	22 500
6	Капролакамды аммони сульфаты (№-21%)	тонна	50	19 000

Аббревиатураның толық жазылуы:

№ - азот ;
P - фосфор ;
Ca - кальций ;
Mg - магний ;
S - күкірт ;
K - калий ;

O - оттегі.

2012 жылғы 5 маусымдағы № 114
облыс әкімдігінің қаулысына
5-қосымша

2012 жылға арналған гербицидтердің субсидияланатын түрлері, сондай-ақ гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограммына (литріне) арналған субсидиялардың нормалары

№	Гербицидтердің субсидияланатын түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлігінің құнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлігіне арналған субсидиялар нормасы, теңге
1	Диамин,72% су ерітіндісі (диметиламин тұзы 2,4-Д)	литр	50	375
2	Авецид супер,12% эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 120 г/л+фенклоразол-этил (антидот), 60 г/л)	литр	50	1 680

3	Глифосат, 48% су ерітіндісі (глифосат, 360 г/л)	литр	50	375
4	Буран, 36% су ерітіндісі(глифосат, 360 г/л)	литр	50	375
5	Барс супер, 10% эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 100 г/л+мефенпир-диэтил (антидот), 27 г/л)	литр	50	1 400
6	Клиник, 36% су ерітіндісі (глифосат, 360 г/л)	литр	50	375
7	Дезормон эфир, 72% эмульсия концентраты (2-этилгексил эфирі 2,4 дихлорфеноксисілті қышқылы)	литр	50	540
8	Диален - Супер 480, су ерітіндісі (диметиламин тұзы 2,4-Д, 357 г/л+ дикамбалар, 124 г/л)	литр	50	820
9	Топик 080, эмульсия концентраты (клодинафоп-пропаргил, 80 г/л+ антидот, 20 г/л)	литр	50	2 775
10	Ураган Форте, 500 су ерітіндісі (глифосат, 500 г/л)	литр	50	625
11	Фенизан, су ерітіндісі (қышқыл дикамбасы, 360 г/л қышқыл хлорсульфурон 22,2 г/л)	литр	50	1 600
12	Овсюген Экстра, 12% эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 140 г/л+фенклоразол-этил (антидот), 35 г/л)	литр	50	1 680
13	Тайфун, 36%, су ерітіндісі (глифосат, 360 г/л)	литр	50	375
14	Спрут Экстра, су ерітіндісі (глифосат, 540 г/л)	литр	50	562,5
15	Жойқын, су ерітіндісі (глифосат 360 г/л)	литр	50	375
16	Жойқын Дара, 75% сулы диспенгирлендірілетін түйіршіктер (глифосат 747 г/кг)	килограмм	50	675
17	2,4-Д Береке, 72% су ерітіндісі (2,4-Д диметиламин тұзы 720 г/л)	литр	50	425
18	Рысь Супер, 10% эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 100 г/л+фенклоразол-этил (антидот), 50 г/л)	литр	50	1 400
19	Вулкан, 60% сулы диспенгирлендірілетін түйіршіктер (метсульфурон-метил 600 г/кг)	килограмм	50	11 250
20	Рап, су ерітіндісі (глифосат 360 г/л)	литр	50	375

21	Октиген, 40% эмульсия концентраты (хлорсульфурон+аз ұшпа эфирлер 2,4-Д)	литр	50	600
22	Элант Премиум, эмульсия концентраты (2-этиленгексилдік эфирі 2,4-Д қышқылы, 420 г/л+2-этилгексил эфирі, қышқыл дикамбалары, 60г/л)	литр	50	675
23	Спрут, су ерітіндісі (глифосат 360 г /л)	литр	50	375
24	Зенит, коллоидтық ерітінді концентраты (2-этиленгексил эфирі 2,4-Д қышқылы, 950г/л)	литр	50	665
25	Вихрь, су ерітіндісі (глифосат 360 г /л)	литр	50	375
26	Кугар Форте, эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 140 г/л+клоквинтоцет-мексил, 40 г/л)	литр	50	1 900
27	Виллан Супер, 10% эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 100 г/л фенхлоразол-этил (антидот) , 50 г/л)	литр	50	1 400
28	Раундап Экстра, 54% су ерітіндісі (глифосат, 540 г/л)	литр	50	562,5
29	Напалм, су ерітіндісі (глифосат, 540 г/л)	литр	50	562,5
30	Тотал Экстра, су ерітіндісі (глифосат, 500 г/л)	литр	50	520
31	Овсюген Экстра, эмульсия концентраты (феноксапроп-п-этил, 140 г/л+фенхлоразол-этил (антидот)), 35 г/л	литр	50	1 850
32	Гроза, 60% эмульсия концентраты	литр	50	575
33	Беллисимо, майлы-сулы эмульсиясы (феноксапроп-п-этил, 140 г/л)	литр	50	1 800
34	2,4 Д Экстра, 72% су ерітіндісі (2,4 -Д диметиламин тұзы, 720 г/л)	литр	50	475

Аббревиатураның толық жазылуы:
г / л - грамм / литр ;

г/кг - грамм /килограмм.

2012 жылғы 5 маусымдағы № 114
облыс әкімдігінің қаулысына
б-қосымша

2012 жылға арналған Батыс Қазақстан облысының жеміс-жидек дақылдары көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормалары

Жидекті дақылдар түрі	Отырғызу схемасы	Көшеттер саны	Көшет жасы	Барлық шығындар
Алма	8x6	208	--	1 202 440
Алма	8x5	250	--	1 248 080
Алма	8x4	313	--	1 316 489
Алма	5x3	667	--	1 763 173
Республикалық және жергілікті бюджеттен субсидияланған 2009-2011 жылдары салынған бақтар	--	--	--	--

кестенің жалғасы

Салуға және өсіруге кеткен шығын (1 вегетация)							
соның ішінде сатып алуға							
1 га-ға көшеттер	субсидиялар нормасы (40%)	тіреу-тер	субсидиялар нормасы (40%)	тамшылатып суару жүйесі	субсидиялар нормасы (40%)	өзге шығындар:	субсидиялар нормасы (40%)
208 000	83 200	0	0	310 800	124 320	683 640	273 456
250 000	100 000	0	0	310 800	124 320	687 280	274 912
313 000	125 200	0	0	310 800	124 320	692 689	277 076
667 000	266 800	0	0	370 000	148 000	726 173	290 469
--	--	--	--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

2 вегетация шығындары		3 вегетация шығындары		4 вегетация шығындары	
барлық шығындар	субсидиялар нормасы (40%)	барлық шығындар	субсидиялар нормасы (40%)	барлық шығындар	субсидиялар нормасы (40%)
47 202	18 881	42 443	16 977	0	0
47 639	19 056	43 012	17 205	0	0
48 286	19 314	43 850	17 540	0	0
52 156	20 862	48 642	19 457	0	0
--	--	--	--	214 743	85 897

